

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқын «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы («Қоғам») осымен өзінің акционерлерін Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 010000, Қабанбай батыр даңғылы, 15, Hilton Garden Inn Astana отелі, «Гарден» конференц-залы, 1-қабат мекен-жайы бойынша 2016 жылдың 24 мамырында 10 сағат 00 минутта мынадай күн тәртібімен акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы хабардар етеді:

1. Қоғамның есеп комиссиясының құрамы туралы;
2. 2015 жылға арналған жылдық қаржылық есепті бекіту;
3. Қоғамның өткен қаржылық жылдың таза кірісін бөлудің тәртібі мен Қоғамның бір акциясына шаққандағы дивиденттің мөлшерін айқындау;
4. Қоғамның 2015 жылға арналған жылдық есебін бекіту;
5. Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекетіне арыздары және оларды 2015 жылы қараудың қортындылары туралы мәселені қарау;
6. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің 2015 жылғы сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат;
7. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының 2015 жылғы жұмысы туралы ақпарат;
8. Қоғамның Жарғысына өзгерістер енгізу туралы.

Акционерлерді тіркеудің басталу уақыты – 2016 жылдың 24 мамыры 9 сағат 00 минут.

Акционерлерді тіркеудің аяқталу уақыты – 9 сағат 45 минут.

Кворум болмаған жағдайда акционердің қайталама жылдық жалпы жиналысы осы күн тәртібімен осы мекен-жай бойынша 2016 жылдың 25 мамырында 10 сағат 00 минутта болады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімі жасалған күні мен уақыты – 2016 жылдың 22 сәуірі 23 сағат 59 минут.

Акционерлер күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен жиналыс өткізілетін күнге дейін кем дегенде 10 күн бұрын Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 13-ші қабат, 1313 кабинет мекен-жайы бойынша Қоғамның ғимаратында жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сондай-ақ www.kmgep.kz сайтында таныса алады.